



# Қуаныш ЖИЕНБАЙ



ТАҢДАМАЛЫ  
II томдық



II ТОМ



---

# Қуаныш ЖИЕНБАЙ

---



## ТАҢДАМАЛЫ II томдық

### II том

Роман, повесть және әңгімелер



---

**FOLIANT**  
БАСПАСЫ

Астана-2013

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-44

Ж 60

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Ж 60 Жиенбай Қ.**

**Таңдамалы. II томдық. II том.** *Роман, повесть және әңгімелер.* –  
Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.

**ISBN 978-601-299-020-1**

Бұл кітапқа жазушының әдеби сын жақсы қабылдаған «Ән салуға әлі ерте» романы еніп отыр. Байқоңыр космодромы іргесіндегі кішкентай ғана қазақ ауылының тыныс-тіршілігі әлемдік өркениетпен байланыстыра суреттеледі. «Аполлон көбелегі» повесі мен соңғы кездері жазылған әңгімелері жазушының өзіндік қолтаңбасы барлығын аңғартады.

Әрбір туындысы оқушысын ойландырады, толғандырады, әйтеуір бейжай қалдырмайды. Сірә, қаламгердің шығармашылық жетістігі дегенімізді де осы төңіректен іздегеніміз жөн болар.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-44

**ISBN 978-601-299-020-1**

© Жиенбай Қ., 2013

© «Фолиант» баспасы, 2013



---

**ӘН САЛУҒА  
ӘЛІ ЕРТЕ**

Роман





Тепловоз мәшинисі ұзыннан-ұзақ созылған қос рельс бойындағы әлдебір қараңдаған бейнелерге бой тіктеп, жітіленіп қайта қарады. Алқашқыда мән бермеген. Сұлутам мен ғарыш айлағы аралығындағы жиырма шақырымдық жол үстінен бұған дейін де талай сұмдықты кезіктіріп жүрген-ді. Сұлутам – төрткүл дүниеге белгілі Төретам бекетіне дария тұсынан келіп жапсарлай қоныстанған шағын ауыл. Бар-жоғы қырық шақты шаңырақ. Төретамға алқынып жеткенімен жазатайым кептеліп қалатындай төтенше жағдайлар қалыптасса, онда жүк поездарының дені осындағы тұйық жолға келіп тоқтайды. Екі бекеттің күллі тіршілігі тонның ішкі бауындай біте қайнасқан, ғарыш айлағына кезексіз жөнелтілуге тиісті жүк тиеген платформалар уақыт өлтірмес үшін тек осы жерде ғана маневр жасауға мүмкіндік табады...

Ал мына қызықты қараңыз, қаныңды қайнатқанда сол ұлы даладан ұлтарақтай орын таппай, қарасан келгір сиыр малының әдейі қитығып, дәл осы тұстағы темір жол бойына бұзаулап қалатындығын қайтерсің! Айтты-айтпады, жаның сондайда тырнақ ұшына тірелер-ді. Сигналды ойбайлатып олай да басасың, былай да басасың. Әрине, мық шегедей әскери төртіпке бағынатын үш-төрт тіркемелі шолақ платформаның алдынан ол тұрмақ адам шыға келсе де жарты минут аялдауға мұршасы жоқ, жылдамдықты бәсеңдетпей тарта беруге тиістісің қатаң ереже бойынша. Иә, ереже бойынша солайы солай ғой, бірақ көзің көріп тұрып қолың дірілдеместен, жүрегің алқынып аузыңа тығылмастан, түк болмағандай тірі мақұлықты дәу тұмсықпен қағып жіберіп, шылымыңды бұрқыратып қалайша бейқам отыра бермексің. Оу, оның обал-сауабы деген болмас па және ана құрсағынан жаңа шыққан бұзауы бар болғырдың осыған келгенде кінәсі не? Жә,

оны қойшы, ал сиыр сауып, құрт қайнатып жүрген айлақтағы келіншектерді, бөсе-ау, қайдан, қашан көріп едіңіз?! Көре алмайсыз, тіпті шекараның ар жағынан да ақ жаулықтыны емге таба алмайсыз! Яғни, бұзаулы сиырдың иесі – мына іргеліктегі қазақ ауылында тұратын көп жамағайынның бірі. Бүгін керек болмаса көре қал, жан ұшырып ертең түгендейді сол жоғалған дүниесін... Сонда ғой, бұл пақырдың да үйді-үйдің арасымен бұқпантайлап, тірі жанның көзіне түспестен май сіңген шпалдарды аттап-бұттап, депоға жеткенше қан сорпасы шыға алқына жүгіретіндігі. Сұлутам мен айлаққа қатынайтын платформа жолдан-жолға ауысып, темір доңғалақтары қышырлап, күн сайын мың сан мәрте бағыт-бағдарын өзгертіп жататын өзге поездарға мүлдем ұқсамайды. Тепловозы да баяғы Түрксіб заманынан келе жатқан ескінің көзі еді. Әйтсе де бір жеріне сызат түспеген, жарау жорғадай әлі де жұлқынып тұр. Қосалқы жолдағы екі-үш вагонды бейбіт тұрғындар рұқсатсыз еркін бара алатын ғарыш айлағының темір қақпасына дейін жеткізіп береді де, содан көп кідірмей кері бұрылады. Айлақтың ішінде не болып, не қойып жатқанымен қарт мәшинистің инедей шаруасы жоқ. Тіпті еш нәрсесіне қызықпайды. Зымыран тасығыштың қалай көкке көтерілетіндігін айтып, өздерінше қызылкенірдектесіп қалатын кейбір әріптестерінің мылжың әңгімелеріне де миығынан күліп қана қоюшы еді-ау. «Жеке бастарына көк тиын пайдасы жоқ, малтасын езген өңшең қырт! Ал соған бола несіне дауласады, ана жолы тура темір қақпаның аузында вагондарды ағытып жатқан тұста зымыранның қол созым жерден көкке көтерілгендігін өз көзімен көрген. Әлемді дүр сілкінткен керемет жаңалықтың тірі куәгері едіңіз деп, біреулер сонда мұның өңіріне орден тақса сөз бар ма, ауыз жарымайтын жалақысын үстемелесе де шүкіршілік айтар еді ғой. Тас та жоқ!» Көсеудей қос саусағының арасынан быртқан бармағын шығарды. Жұтқыншағы жыбырлады. Ол пәлекетті көрдім десең де, көрмедім десең де басыңның пәлеге қалатындығын былайғы жұрт қайдан білсін. «Әлемдік жаңалық, әлемдік жаңалық!.. Ұрып қойыпты бұйткен әлемдік жаңалығын!»

Тепловоздың терезесі көптен бері сүртілмеген-ді. Оң жақ бүйірдегі оймақтай тесіктен амалдап су бүркіп, әйнек тазалағыштың ескілеу тетігін немкеттілеу бұрап кеп қалған-ды. Сірә, құдай бір нәрсе берер, резина таяқшалардың дірілдеп, бұралаңдап, әп-сәтте

шаң-тозаңнан көрінбейтін терезесі түскірді айнадай жалтыратып жібергені. Төңірегі дөңгеленіп көз алдына келе қалды. Айлақтың андыздаған антенналарын да санап алуға болатын-ды. «Кетсінші әрі, ендігі қалған ауруының емі антенналар ма еді?!» Көкірегіне қыстап қалған арманы әнтек қана бас көтерді. Айлақ басшыларының ара-тұра аяушылық сезімдері оянып, сол самсаған антеннасының бірін, тіпті істен шыққаны болса да мына ауыл тұрғындары үшін деп орнатып берсе, олардан өткен қайырымды адамдар болмас еді-ау деп те ойланып жүрген. Ондайда Төретам мен Сұлутам іргесіндегі қазақ ауылдары алаңсыз телевизор көріп, бір жасап қалмас па! Олар әлем құлақ түрген аса маңызды саяси жаңалықтарыңды қайтсін, облыстан берілетін көркемөнерпаздар концертін тамашалап, жергілікті термешілер дауысын өз құлақтарымен естісе бітті ғой. Өзгесіне алдыраз болсын! Өкінішті-ақ, әлемдік ұлы оқиғалардың қақ ортасында отырғандар облыстан берілетін телехабарды да дұрыстап көре алмайды. Зымыран ұшқан сайын жер-жаһанның апшысын қуырған аласат дауыл апталап соғып, құм суырып, сол байғұс ауылдардың есік-терезелерін аштырмай, сыртқы әлеммен болмашы байланыстарының өзін үзіп тынады. Оу, несін жасырады, бұлардың да өзгелер секілді жақсы өмір сүргілері келетіндігі рас. Балалары да өз беттерінше талпынып облысқа, қала берді астанаңызға барып оқып жүр. Ең құрыса, солармен де телефон арқылы сөйлесе алмай, кәріп боп қалады ғой қапелімде. Коммерциялық зымырандардың күн сайын пар-парлап ұшқандығынан бұларға не пайда?

Самара – Ташкент тас жолының үстінен өтетін аспалы көпірге кимелеп жете бергенде қарт мәшинистің жүрегі тас төбесінен шықты. Көздері алақтап қос рельс бойына шұқшиып тағы қарады. Саусақтары дірілдеп ие бермеген соң алдымен бірін, сосын екінші қолын бөксесіне басты. Тамағы құрғады, әрлі-берлі құрғақ жұтынды. Қалайы шәйнектегі қанжылым суды үсті-үстіне қылғытты. Екі көзі жол бойында. Жанары жасаурай берген соң, оны жейдесінің жеңімен апыл-ғұпыл сұртті де, шынтағын терезе жақтауына тіреп, қайта назар жықты. Құлағы шуылдады ма, шекесі шыңылдады ма, ол жағын анық ажырата алмады. Кеуде тұсы дүрс-дүрс. Қос өкпесі алқынып аузына тығылады-ай! Сигнал басатын рычагке әлсін-әлі алақан жүгіртеді. Ізінше әліптің артын бағайын дегендей сәл іркіледі. Тепловоz жылдамдығы бірқалыпты. Аспалы



көпірдің арғы құламасына аман жетсе, айлақтың темір қақпасы да өне тиіп тұр.

Пенде байғұстың жаны тырнақ ұшына тірелгенде сандырақтап, әр нәрсені шатып-бұтатын әдеті ғой. Сірә, мына қараңдаған тобыр мен аспалы көпірдің арасы, мықтағанда, сегіз шақырымдық қана жол болар. Манадан бері Төретам – Сұлутам бекетінің батыс бетіне шашырай қоныстанған қазақ ауылдарының өткен-кеткенін көз алдына елестетіп, іргеліктегі айлақтың шашетек шапағатын тек солардың ғана көре алмағандығына кәдімгідей іші ашып, қолынан анау айтқандай үлкен көмек келмесе де сырттай мүсіркеп, ауылдастарына сырттай болысқан мұның дәл осы тұрғанда солардан өткен ата жауы да жоқ-ты. Адам-ау, бұл ағайынға не көрінген? Аспалы көпір астында құдайдың айдау жолы сайрап жатқан жоқ па! Жеті қараңғы түнде Жетіқарақшыны маңдайға ұста да, қиыстап тарта бер. Ешқайда адастырмай ауылдың төбесінен бір-ақ түсірсін. Ал әлгі Бетбақдаладан ракетаның қалған-құтқан темір-терсегін жинайтындар артынып-тартынып келе жатады да, үш доңғалақты мотоциклімен темір жолдың өкпе тұсынан қойып кеп кетеді. Көпір астындағы күрежол олардан иненің жасуындай бір нәрсе дөметсе жөн-ау?! Кім жүрсе де бәрібір. Көткеншектіктің мұнан өткен сорақысы болар ма, жоқ, қос рельсті кесіп өтпесе солардың-ақ ішкен астары бойларына тарамайды, көңілдері көншімейді. Ауылға қарай төтелей тартамыз деп жүргенде аяқ астынан бір пәлеге ұшырап қалса қайтеді?! Кім жауап береді? Айлақтағылар ма? Тоқтай тұрыңыз! Беттері безерген, кессе қан шықпастардың ол тұрмақ күллі ауылың өртеніп кетсе де қылдары қисаймас. Оу, ең болмағанда, соны түсінуге болады ғой. Әлде оларды өмірден безген біреулер ме дейін десең, алюминий сынықтарын құрақ көрпедей қиюластырып жинағанда бар ма, қолдары қолдарына жұқпайды. Және бір нәрседен құр қалатындай үнемі жанталасып жүргендері. Үш доңғалақты дырылдағы түспегіріңнің оты нақ рельстің орта шеніне келгенде өшіп қалса не істемек? Оң жақтан түтінін будақтатып әдеттегіше товарный келе жатады. Бұл товарныйдың жылдамдығын сәл тежеуге, не ретсіз тоқтауына мүмкіншілігі жоқ. Атамзаманнан солай қалыптасқан әскери тәртіп. Күллі айлағыңыз – әскери тәртіптің құлы. Зымыранның ұшар сәтіндегі әрбір минуты мен секунды қатаң есептеулі. Жер шарының ендіктері мен бойлықтарындағы уақыт ағымының өзі сол

Төретамнан ұшқалы жатқан зымыранмен тығыз байланысты болса енді не істемексің?! Жаныңды көзіңе көрсеткенде аяқ-қолыңды өстіп байлап-матап тастап, дымыңды құртады ғой. Жыл сайын әскери тәртіптен қарыс сүйем аттасам атылып кетейін деген мағынада ант беріп сынақ тапсырғандығын әлгі айдаладан темір-терсек жинайтындар қайдан түсінсін. Түсінетін кісі тура жолмен тікелей тартқанда ұтатын жарты сағат уақыт үшін әлдекімді әбігерге салмайын деп, көпірдің астымен-ақ жөнөп бермес пе?! Өмірлері өтіп бара ма? Ауылға арсалаңдап жеткенде де бітіретіндері белгілі. Әзір тамақтан апыл-ғұпыл ауыз тиеді де ұйлыққан қаншықтай тізбектеліп, кеш батысымен дүкен маңын торуылдайды. Одан соңғылары да оңған тірлік емес, еске түсірудің өзі ұят. Әлде тепловоз мәшинисі бізді тірілей басып көрсін деп, іштей айбат шеге ме екен, а?! Баспақ түгілі сүйегін үгітіп кеп жіберер. Ғайыптан... іргеліктен күн шықпай қалуы мүмкін, ал ғарыш айлағына белгілі уақыт аралығында жетуге тиісті платформаны ешбір құдіреттің күші тоқтата алмайды.

...Өткен жолы да ойламаған тұстан күлкілі оқиғаға тап болған. Жылап-сықтаумен аяқталатын қатерлі шаруа әйтеуір, әуіріммен ың-шыңсыз басылып қалды. Үстіне таудай жыңғыл томарын тиеген есек арбаны қас пен көздің арасында таптап кете жаздады. шикіөкпе балалардың талқаны таусылмаған екен де, арбаның артқы доңғалағына тепловоздың тұмсығы жанаса бергенде бір ересен күш жер астынан жарылып шыққандай, арбаны есегімен қоса аулаққа лақтырып кеп жібергені. Жүрегі сәлден соң барып орнына түсті. Терезеден гүрзідей жұдырығын шығарып, ұртын толтырып бір боқтады. Басқадай не істей алады? Маңдайының терін сүрткілеп, аздап күйзеліп отырған күйі «Ескі тепловозды біраз тепкіледім ғой, ендігі жерде осы абыройыммен есімнің барында елімді табайын» деп те армандаған. Автоматты кнопкамен басқарылатын зымырандардың бірінен соң бірін орбитаға шығарғанда жиырма шақырымдық жол бойындағы тепловозды адамсыз жүргізу деген не тәйірі?! Бәлкім, біреулер оны да жасырын түрде тәжірибеден өткізіп жатқан шығар.

Оу, айдың-күннің аманында мынауы несі, шырағым-ау?! Аспалы көпірдің үстіне жете бергенде сигналды үсті-үстіне төпеледі. Самайынан аққан ащы тер мойнына құйылды. Жүрегінің атқақтап аузына тығылғаны аз еді, енді тұла бойынан жан кетіп

қалғандай үсті-үстіне қалшылдады. Бір сәттің ішінде қол-аяғына ие бола алмай діңкеледі де қалды. Әлдеқандай заман болады дегендей, оң бүйіріндегі стоп-кранның трос арқанын қозғап-қозғап, терең күрсініп бір дем алды. Шыны керек, ендігі тағдыры сол трос арқанға тіреліп тұр. Мұндайда асып-сасқан әрекет кісінің ойлануына мұрша бере ме? «Өліп қалғаннан сау ма, мына түгелер!» – деп сигналды тағы да үсті-үстіне төпеледі. Аза бойың тітіркенетін ащы дауыстан секем алған саршұнақ та зып беріп ініне жасырынып үлгерді. Олар дәп бір мұның шіңкілдеген үнін еститіндей көкірегі күбірлеп: «Жолдан былай тұрындар, өлемісіңдер соры қайнаған түгелер!» – деп қолымен жасқап, белгі береді. Мә, безгелдек! Мына пәтшағарлардың шынымен естері ауысқаннан сау ма?! Бұрын-соңды мұндайын жолықтырмаған. «Бұл дүниенің қызық-шыжығына әбден кеңірдектеп, енді өлуге ыңғай білдірген екенсің, адам-ау, поездың астына түсіп нелерің бар, бір кездік арқанды мойынға тас қып ора да, тіліңді кәлимаға келтіріп асылып қал. Бірден сеспей кетесің, сүйегің де арулап көмуге жарайды. Ал сендерге керегі осы болса күл-талқандарыңды шығарайын шеттеріңнен!»

Платформа аспалы көпірдің арғы құламасына тұмсық тіреген. Санап үлгермеді, сірә, бес-алты әйелдің ағараңдаған орамалдарын аңғарып қалды. Соның артынша көзіне ащы тер құйылды да, қарашығы бұлдырап кетті. Жолдан шығайық-ау, жазым болармыз-ау деп айылын жиятын бірі жоқ. Бірінің қолынан бірі ұстап, жарты шақырымдай қашықтықта тапжылмастан сіресіп тұр. Бетпішіндерін ажырата алмады.

Мәшинист дереу рацияға жабысты. Төретам стансасының үш нөмірлі телефонын саусақтары икемге келмей әзер тергіштеді.

– Құрыдық! Ереуіл!.. Тез бол, маған бекет бастығы Қаражанды қосыңыз?!

– Кімді?!

– Қаражанды деймін, өй, құлағы керең болғыр, сболш!

– Боқтамаңыз, сізді де ата сақалы аузына түскен кісі дейді-ау! Осы бассыздығыңыздың, реті келгенде, біз де есесін қайтарармыз. Ұмытпаспыз әсілі! Немене, сонша аттандап, жау қуып келе ме?! – Диспетчер пультіндегі кезекші тағы нелерді мұрын астынан мідгірлеп айтып жатты. – Ал бастық жоқ, облысқа кеткен, өнесі-ей, өңмендеп!..

– Қашан келеді?!

– Бастық бізге есеп беруші ме еді. Кеш бата оралар аман болса.

– Оралмаса терісінен!

«Енді кімнен ақыл сұрамақ?» Айлақтағылар мәшинистпен сірә да сөйлеспейді. Әлде мына немелердің ереуілдеген сықпыттарының күлін көкке ұшырып, қабырғаларын күтірлетіп, қайдан шықса одан шықсын деп, таптап тастаса ма екен, а?! Озі тартар айыптан құлан-таза ада. Әскери тәртіптің шеңберінен шықпастан ережеге сай әрекет жасады... О-о, айтқандай Әбдімәлік қайда жүр? Ғарыш айлағының жергілікті тұрғындар арасындағы өкілі осындайда қол ұшын бермегенде қайтеді. Рацияға қайта жармасты.

– Күнім сол, кезекшімісің? Аты-жөнің кім еді?

– Оны қайтесіз?

– Сұраймыз да...

– Жер-жебірімізге жетіп алып...

– Кешір, кешір айналайын, қазір сенімен ырылдасып жататын уақыт жоқ. Түсінемісің, бір топ әйел ереуіл жасап, темір жолды бөгеп тұр. Жиырма-отыз метрдей жер қалды, стоп-кранды басуға кімнен рұқсат аларымды білмеймін.

– Енді маған не дейсіз?

– Әбдімәлікті қосшы... жер бетінде тірі жүрсе тауып берші! Космодромның өкілі осындайда көмектеспегенде қайда көмектеседі?! Сосын тағы мынаны тыңдап ал!

– Кәдімгідей бұйрық бересіз ғой өзіңіз...

– Оттама, алдымен рацияның лентасын жалға! Осы әңгімелердің барлығы түгелдей дерлік хатталып жазылып қалатын болсын. Енді сен де боққа былғандың, ешқайда қашып құтыла алмайсың! Ертең бәріміз бірге жауап береміз.

– Не, не дейді?!

– Со-л-ай, шырылдама!

– Қазір, қазір... міне-міне... Әлло, Әбеке, Әбдімәлік Саржаныш, Саржаныш деймін, естіп тұрсыз ба? Не көрінген бұл жұртқа?.. Ауылдың бір топ әйелдері ереуілге шығып, темір жолды басып алыпты деседі.

– Қой, қой шырағым, қайдағы ереуіл? Сондағы талап-тілектері не?

– Ит білсін! Сөйлесіңіз, платформа мәшинисін байланысқа қосамын.

– ...

– Әбдімәлік, әл-әу, Әбдімәлікпісің?! Құрыдық!.. Әй-ел-дер!..

– Әйелдер, қайдағы әйелдер, олар не істеп жүр темір жолдың бойында?!

Машинистің одан әрі үні шықпады. Стоп-кранның пломбасы сырт етіп, тас еденге домалап түсті. Темір доңғалақтар біраз жерге дейін үйкетіліп, сүйретіліп барып, өзер тоқтады.

– 2 –

Шүкір ғой, шүкір, шүкіршілік! Аспандағанда қайда барады, айға ұша ма? Ол үшін мына үш қабатты коттеджді айналы әуітімен бірге қосып сатқанда қолың жетсе, кәнекей! Еріккен жұрт қазір не істемейді? Сірә, одан өзге ермектері түгесіліп қалған ба, жер бетіндегі адамға керекті игіліктің бәрін тіміскілеп бітірген ғой. Еш нәрсеге қызықпайды немесе еш нәрсе қызықтырмайды. Ендігі қалып тұрғаны, турист ретінде мың сан корабльдердің біріне отырып алып ғаламды зерттеу, аспан әлемінің құпиясын ашу... Бір жағынан, елдің құлағын шулатып қайтеміз дейтін болар, өзімізге белгілі жайды дабырлатып, сырнайлатып, сүйінші сұрап не қыламыз дейтін болар... Кейде солардың кәдімгі Төретам мен Сұлутамның түстік бетіндегі қазақ ауылдарында тұратын туған нағашысынікіне бара жатқандай, «космостағы салмақсыздық дәрежесін сезінсек те неміз кетеді» деп жіптіктей етіп, анау-мынаудың қолы жетпес дүниені тым жеңілдетіп, сүмірейтіп жіберетіндерін қайтерсің! Ал соған жұмсайтын қаражатына шашыңның түгі жетпес. Адам-ау, өліп-өшіп салмақсыздық дәрежесін сезінгісі келсе, айлақтың тәжірибе алаңында да дәл соған лайықталған техникалық аппарат дегеніңіз аузы-мұрнынан шыға сықиып, толып тұрған жоқ па?! Көңіліңнің қалағанына отыр да, салмақсыздық дәрежесін сезіне бер. Қолыңнан кім қағар екен? Олар күйдіргенде өстіп күйдіреді ғой, қыруар ақшаны бас-көзге қарамастан ауаға шашып жібереді де, ол жаққа тек әлгі бір ауыз жарымайтын «салмақсыздықты сезіну» үшін барып қайтады-мыс...

«Не?!.. Мен әсілі жынданғаннан саумын ба?» – деді Әбдімәлік. Сөйтті де айналы әуіттің мраморланған жиегіне басын қойып, аспанға қарады. Иә, дөп бір жынданған адамша айналаны басына көтеріп, а-ха-ха-лап күлгісі келді; қоңыр дауысымен барылдап

ән салғысы келді. Айтқандай, соңғы кездері өзгеге сыр етіп аша бермейтіндей өзгешелеу бір әдет тауып алды. Онысын керек болса өзінен табандаған жиырма бес жас кішілігі бар қазіргі әйелі Патшагүлге де айтқан емес. Ұяла ма, қысыла ма, әлде уыздай уылжыған жас иіс «Шалдың шалқақтауын қара!» деп мысқылдап жүре ме деп те аз-кем қауіптенеді. Дегенмен әлгісі өзіне ұнайды. Ән болғанда да кеудесін соққылап, алып-жұлып бара жатқан қайбір әншілік? Әбдімәлік әнші болғанда енді нені қиратпақ? Сахнаға жүгіре шығатындай жас емес, көшедегі көңілді топтың қарасын көбейтіп, солармен бірге а-ха-ху-лап таң атыратын қайран уақыт та біргіндеп қош айтысқан. Уақыты бар болғыр, ың-шыңсыз өз дегенін істеп бағады-ей! Сенен иненің жасуындай ақыл сұрамайды, есептеспейді, не істеп, не қоятындығын өзі ғана біледі. Мүмкін оған ән деп айдар тағудың да реті келмес. Бір сөзбен түйіндегенде, жүректің тербеліс сезімі ғой кәдімгі. Не істейсіз, жүрегі құрғыры соны қалап тұр. «Саған жетпегені сол еді, соры қайнаған!» деп сол сезімді іштей буындрып, тұншықтырып өлтіре салу керек пе?! Әділеттілік пе мұнысы? Ал жүректі жаулап алған сол әуен жинала-жинала келіп, кәдімгі ауа сыймаған шар төрізденіп, күндердің күні туғанда тарс етіп жарылса Әбдімәлікті көктен іздейсіз бе, жерден іздейсіз бе? Осы керек пе сендерге?! Оның өзін де тісінің арасынан сыздықтатып, ыңылдап қана айтады. Ұнайды біртүрлі. Ұнағанда сұрамаңыз, мүмкіндік туса онысын үзіп-жармай жалғастыра бергісі бар. Содан соң денесі де жеңілденіп қалатындай екі қолын көкке көтеріп, секіріп-секіріп қояды. Жүрегінің соғысы да саябырсыды. Бір қалыпты ырғақпен дүрсілдейді. Онысы құлағына анық естіледі. Жүректің соғысын есту әрине, шүкіршілік, шүкіршіліктің көкесі! Жүрек денемен сырласуға көшті деген сол, өне! Ән салғысы келетіндігінің бар сыры осы ғана. Бәлкім, Әбдімәліктің де барлық болмыс-бітімін осы төңіректен іздеуге тура келер. Бұл бұрын-сонды ел естімеген аса бір жаңалық ашқандығы емес. Өзіне ыңғайлы. Жүрек шіркіннің басын тауға да ұрып, тасқа да ұрып, анаған да шашылып-төгіліп, мынаған да шашылып-төгіліп, ақыр соңында мұнан артық жайлы орын таба алмаған соң денеге барымен бұрылып, барымен беріліп, бірін-бірі түсініп, бірін-бірінің құлақ қойып тыңдай бастауы ғой! Жүрек пен дене бірін-бірі енді тапты, мінекей!

Ал мұның сыртынан «Әбдімәліктің бар шаруасы түгелденді, балаларын өздері қалаған қызметтеріне қойды, ұзаққа созылған сырқаттан соң қайтыс болған әйелінің де қарыз-парызынан құтылды, жас әйелге үйленіп көңілін бірледі» деген секілді қазақбайшыл пәлен-пәштуан ілік іздеудің қажеті шамалы. Жүрек пен дене түсіністі! Мұнан былайғы жерде бірінен-бірі ажырамай, бірге өмір сүргенде ғана мұратқа жететіндігін ұғынды. Шамасы жүректің үнемі ыңылдап ән салғысы келетіндігі содан болар. Сол, сол ғой, одан басқа қандай құпия болушы еді?!

Сол әні түскірдің әсіресе, әдемі әуіттің ішінде жатқанда жүректі түрткілеп оята бастайтындығын айтсаңшы! Қай-қайдағы еске түседі. Тіпті турист ретінде орайы келсе ғарышқа ұшудан да кет әрі емес! Атшаптырым ауланың дәл орта тұсынан қазылған әуіт жер асты артезиан құдығының мұздай суына шөпілдей толып, екі иінінен әзер дем алады. Айна төрізденіп күн сәулесімен шағылысады. Әбдімәлік екі адам еркін сиятындай әуітті де әдейілеп кеңірек, тереңірек қаздырған-ды. Құлаш ұрып әрлі-берлі көсіліп жүзбесе де, су астына шым батып сүңгіп кетеді, не шалқалап жатып «салмақсыздық дәрежесін» сезінеді. Патшагүлдің рецепті бойынша денесін де аз-маз күнге күйдіреді. Ал сырттағы аптап жылан жалағандай үйтіліп тұр. Көлеңкеңнің өзі қырық градусқа жетіп жығылар. Әуіттен басыңды шығарып жан-жағыңа қарай бастасаң, бір шымшым өтірігі жоқ, көзің қарауытады, миың солқылдайды. Әріректегі жер ошақ аузындағы от-жалын сағым төрізденіп, бірде алыс ұзап, бірде қол созым жерден бұлаңдайды. Осы құдайдың апшыны қуырған шаңқай шаң түсінде басына ақ орамалын мойнына дейін малындырып орап алған Патшагүл шырағым да екі қолын қайда сыйғызарын білмегендей түртпектеп жүріп, әйтеуір бірнәрселерді тауып алады. Шелпек пісіре ме, тарының талқанынан шалап жасай ма, абажадай үйде екеуден-екеу отырса да тыным көрмейді.

Бет қаратпайтын аптабы аздай, оған аңызақ желі қосылған соң оңа ма, ыстықтың демі одан әрі күрт көтеріледі. Ара-тұра тынысың тарылып, ауа жетпей тұншығып қалатындайсың. Ондайда Әбдімәлік екі аяғын тырбаңдатып, әуіттің түбіне шым батады. Денесін су көтеріп кетпес үшін әр жерге жібек бауы бар шығыршық орнатып қойған. Демің жеткенше содан тас қылып ұста да жайбарақат жата бер. Сырттағы тіршілік екі бастан белгілі. Су түбінде

жатып көздерін тастай жұмады. Алба-жұлба тіршілік ауанын көрмек тұрмақ естігісі келмейді. Апыр-ай, осы күннің ыстығында белуарына дейін шешініп тастап, қаталап шөл қысып бара жатқан соң амалсыз дарияның лай суынан сіміре бір жұтып, жағалаудың онсыз да жапырағы түсе бастаған тырбиған көлқұрағына шалғы сілтейтін түйе фермасындағылардың жандары неткен сірі, шырағым-ау?! Жалақылары да ауыз жарымайды. Ертеден қара кешке дейін күннің өтінде. Қарақалпақстаннан әдейі алдырған отыз шақты аруананың бар күтімі солардың мойындарында. Үш-төрт отбасы «Бізге сеніңіз, түйелердің біз тірі тұрғанда қоңы кемімейді, санитарлық талаптарды да мінсіз орындаймыз» деген соң, Әбдімәліктің де үні өшкен. Біреу сөзінді сөйлеп, шаруанды дөңгелетіп әкетсе, тілің қышып бара ма? Әбдімәліктерді ғарыш айлағымен байланыстырып тұрған да осы шаруа. Әрине, Сұлутам ауылындағы бұрынғы қаракөл кеңшарының директоры, жоғары білімді, облыс ауыл шаруашылығы активі түгел танитын Әбдімәлік те осы заманның тыныс-тіршілігінен анау айтқандай мақұрым емес-ті. Көзі ашық, көкірегі ояу. Жиырма жыл іргелі ұжым басқарғанда да қырық шақты шаңырақтың күллі шаруасын жалғыз өзі-ақ ұршықтай үйіріп жүрген-ді. Дария жағалауындағы шашыраңқы шаруашылық кешегі күнге дейін іргелері ажырамастан тәту-тәтті өмір сүрді. Анау айтқандай лағып, кеңшар мүшелері далалық демократияны желеу етіп, ағаш басына шығып алып, бет алды айқайлаған жоқ.

Қазір бұл жағаның адамдарына космодром деген аждаһа жақсы болды ғой. «Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа», әлдекім төретамдықтар мен сұлутамдықтар атынан сөйлеген болып, «Космодромның жергілікті халыққа жасап отырған зияны мынадай да мынадай!» деп жейдесінің тамақ түймесін ағытып, жұлқынып шыға келсінші, бірі қалмай соның соңынан дүрліге жүгірер еді. Өкпесі алқынғанша, топырақ қауып омақаса құлағанша далақтап, тобырдың қарасын көбейтіп ере берер еді. Ере береді. Ертеңгі күні осы әрекетінің шекесіне таяқ боп тиетіндігін де қаперлеріне алмайды. Аяқтары салбырап лезде аспаннан түсе-түсе қалғандай, Төретам мен Сұлутамның төңірегі демократияның мәуелеген жеміс ағашына тұнып тұрғандай... Ой-хой, аттанда, аттанда! «Өстіп, бөрің жабылып, бір атаның баласындай күш біріктіріп, космодромды көшіріп жібересіңдер ғой бұл арадан. Сендердің



осы дүрліккендеріңнен қаймығып, апыр-ай, жергілікті халықпен арадағы жанжал ушығып кетпесе жарар еді, халықаралық қауымдастық біздің бетімізге осыны шыжғырып баспаса болар еді, әлемдік космостық альянс мына сұмдықтан соң теріс қарап кетпесе неғылсын!» деп, айлақ басшылары жетіп келіп, «аяқтарыңа жығылады, иіліп-бүгіліп кешірім сұрайды, қала берді қалталарыңа ауызбастырық үшін қаржы салып береді...» Ах-ха-ха, құр далбаса! Ғарыш айлағын қанша жерден ит тепкінің астына алғаныңмен түк шықпайды. Қылы қисаймайды айлақтың! Коммерциялық ұшыруды үсті-үстіне үдетеді. Керісінше Төре-там – Сұлутам бекетінің басшысына жасырын түрде, әбден сүзгіден өткен заңнамалық актілердің негізінде соңғы ескерту жасайды; не қатаң сөгіс жариялайды. Себебі, бұл өңірдің күллі тіршілігі темір жолмен тығыз байланысты. Ел-жұртына ие бола алмағандығы үшін, еларалық келісім-шарттардың мән-мағынасын қарауындағыларға жеткілікті дәрежеде ұғындыра алмағандығы үшін, үгіт-насихат жұмыстарын тиянақты жүргізбегені үшін... Оу, бекет бастығы да адам, оның да асырап отырған шиеттей бала-шағасы бар. Оның үстіне бұған дейін қылаудай қыл түспеген абырой-беделін айтсаңшы!? Өлгі аты өшкір жасырын бұйрығы тек Төретам – Сұлутам төңірегіне ғана белгілі боп, сонымен тынса, кәні! Облысты басып өтіп, одан әрмен шығандайды. Міне, сондайда оның да қаны шапшып басына тебеді. «Ендігі шаруам сендермен болсын!» деп жұдырығын түйіп, шырт түкіреді. Тістері қышырлайды. Төтеннен тап болған ашу жүйкесін жұқартады. Бір білместік өтті-кетті деп, мұнан әрі тереңдемейін десе ертеңгі күнінің не боларын кім біліпті. Деревіске көшеді, айлақты бұл арадан лезде көшіріп жібермек болып, артын жыртып айқайлағандарды ө дегеннен қырына алады. Үш-төртеуінің көздерін көкшитіп жұмыстан шығарады, тағы бірнешеуінің айлығын қияды, қалғандарынан мұндай әрекеттен аулақ жүреміз дегізгізіп, жазбаша түрде түсінік жаздырып алады. Әйтеуір, бір жұманың ішінде-ақ бекеттегілердің зөре-құтын алып, тура аяқтарының ұшымен жүргізеді. Жұмысшылардың арасынан өзіне сенімділерін таңдап «шпион» ұстайды.

Әбдімәліктің ұстамдылығының арқасында темір жол іргесіндегі қаракөл кеңшарында ондай «бассыздықтың» бірде-біреуі тіркелген жоқ-ты. Кеңшар тұрғындарының жіптіктей

татулықтарына сына қаға алмайтынсың. Ал айлақты көшіріп жібергісі келетіндер бұл басқарған шаруашылықтан да бас көтерер еді ғой, тіпті олардың бес-алтау болмауы да мүмкін-ді. Ондайда адамның аяқ астынан намысы қозып, екі көзін шел басып, құтырынып шыға келетін әдеті емес пе?! Төретам стансасы қол созым жерде. Дарияның бергі бетіне өтсең, станса алаңынан бірақ шығасың. Кеңшардың үлкені де, кішісі де өмір бойы осы Төретам стансасының қызметін пайдаланып келген. Оңды-солды ағылып жатқан поездар болмаса, тірі адам бүгінде қарға адым алыс шыға алар ма. Сол оңды-солды ағылған поездар Төретамның атамзаманнан келе жатқан еңселі қыш кірпіш үйі болмаса аялдар ма?! Айлақтың тік ұшақтарына бірінің табаны жаңылысып тисе айтсын-ау! Бұлар тұрмақ кеңшар директоры Әбдімәліктің балалары да тек поездардың ғана қызметін пайдаланып келген. Төретамның іргесін басып өтетін Самара – Ташкент тас жолы кейін пайда болған-ды. Күрежолдың бойымен қоңыздай құжынаған жүк мәшинелері жалынып-жалбарынып мың мәрте қол көтерсең де, аялдамасыз жерге тоқтамайды. Оның үстіне сөз шіркін тыныш жата ма, ұзынқұлақтың ызыңы жер-жаһанды ілезде-ақ жаулап алар. «Төретамның жергілікті тұрғындары қызды-қыздымен айлақ басшыларына да қыр көрсете бастапты» деген суыт хабар олардың да құлақтарына еміс-еміс тиіп үлгерер. Сосын айдалаға аялдап не бастарының іскені.

Міне, сүйткен Төретам жұрты ғарыш айлағының жергілікті тұрғындарға жасаған экологиялық зияны үшін ұзақ үнсіздіктен кейін дүрліге көтерілсе, қол созым жердегі кеңшар түк көрмегендей мыңқиып отыра береді баяғы. Ақылдылық, иә шектен шыққан сабырлылық па бұлардікі?! Мейлі, айта берсін, тыныштық қымбат бәрінен! Сөйткен кеңшардың күндердің күнінде аяғының аспаннан келетіндігін кім білген? Бір жылдың аумағында айрандай ұйып отырған шаруашылықтың тоз-тозы шықты. Көктем айындағы дария сеңіндей күтірлеп, сау-тамтығы қалмады. Кейін бірнешелеген ұсақ шаруашылықтар ұйымдасқан секілді еді, бүгінде олардың сайдан санын, құмнан ізін таба алмайсың. Жел көтерген қаңбақтай із-түзсіз жоғалған.

Әбдімәліктің сондағы көрегендігін біреулер аңыз ғып айтып та жүрген шығар бұл күнде! Шаруашылығы шатқаяқтаған соң ескі таныстары облыс орталығынан ойып тұрып, өтібірлі қызмет тауып

берейік деп жалынса да, туған жер топырағынан қарыс сүйем ұзамады. Дініне беріктігін дәлелдеп бақты. Оқыған-тоқығаны көп-көрім пайдаға асты кейіннен. Сөйтіп орайы келгенде айлақ басшылығының алдына сұмдық бір идеяны тастап кеп жіберген. Тыңдағандарың үшін құлдық деп бірден аяқтарына жығылған бұл жоқ. Және идея болғанда қандай! Шұбаттың адам ағзасына тигізер емдік қасиетін тамағың қарлыққанша қақсай бергеннен бір нәрсе өне ме? Мықты болсаң іспен дәлелде! Сан түрлі химиялық қоспалардан даярланатын тағамдардың жанында жарықтық түйе сүті дегеніңіз қа-й-да! Арнаулы аппаратпен түйе сүтін де құрғатып, ұнтақтап, зеңгір көктің қандай қабатына алып шығамын десең де, өмірі бұзылмайтындығы дәлелденген. Бұзылмақ тұрмақ, ауасыз кеңістікке жеткенде ғайыптан бұрқырап жусан исі пайда бола кетеді-міс, корабльдегілердің төбеттерін ашып, жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыра түседі-міс. Қазекемнің қайран шұбаты қай кезде қасиетінен айырылып еді?! Ах-ха-хау, қазақ жерінен ұшсаңыз, атмосфераға қазақ дәмін де ала кетіңіз!.. Содан алашапқын сүргін басталған. Шұбаттың құрамы сан мыңдаған зертханаларда тексерілген. Бұдан шет елдік ғалымдар да шетқақпай қалған жоқ. Себебі, коммерциялық ұшырулардың дені солардың үлестеріне тиетін. Несін айтасыз, құрғатылған шұбат ғарышкерлер үшін жексік астың негізгі түріне айналып шыға келді! Әбдімәліктің идеясы жүз пайыз жүзеге асты! Шыбын жорғаламайтын ұшыру алаңына жергілікті тұрғындар арасынан тұңғыш рет Әбдімәліктің ғана табаны тиген-ді. Айлақ басшылығы рұқсат қағазсыз ішке кіріп-шығуға тек Әбдімәлікке ғана мүмкіндік жасады. Онда да айына үш мәрте. Екі рет түйе фермасындағы жұмысшылардың айлық жалақыларын алу үшін кіреді. Үшіншісі еркін, кәдімгі еркін қыдырыс. Бір тәулік бойы айлақтың қай бұрышына барамын, нені көремін десең де, тірі жан бөгет болмайды. Күзет бөліміндегілер де, патрульдер де Әбдімәліктің жанынан үн-түнсіз ыздиып өте шығады. Бір түрлі жылы жымыиысты көзқарас аңғартады. Әлде өзіне солай ма? «Сіз біздің өз адамымызсыз ғой» дейтін тәрізді, «Сіз біздің сыннан өткен өз адамымызсыз!» Өстіп сызылта түссе дейді Әбдімәлік те. Ғарыш айлағының қарағайдан қиюластырып соққан саунасы, құстың сүтінен басқасының бәрі табылатын тіреліп тұрған дүкені, ғарышты игерген атақты ғалымның мұражайы, ауыр ракеталарды атмосфераға алып

шығатын мес қарын ұшақ... Әбдімәлікке бәрінің есігі ашық. Бірақ бала емес-шаға емес, дап-дардай Әбдімәлік басымен айлақты бір тәулік тегін аралауға рұқсатым бар екен деп, далақтап шаба бере ме. Лезде сабырлы қалыпқа көшеді. Қулықтарына қанжар бойламайтын айлақтағылардың түк көрмегендей аузы аңқайып, отқа түсетін көбелекше ұшып-қонып жүрген дала қазағы туралы не ойлайтындарын кім біліпті. Самсаған антенналардың басына орнатылған бір аппарат Әбдімәліктің айлақтағы әрбір басқан қадамын қас қақпай қадағалап тұратын болса, одан «өз адамына» деген оңған сенім бола ма. Оның аяғы ұзаққа бармас. Аңдып жүріп бір оңтайлы сәт туғанда оңдырмай орға жығар. Не деп кінә тағатындарын кім білсін? Бұлардың жазылмаған заңдары өз пайдаларына келгенде оқтай зулайды ғой. Түйенің құрғатылған сүті қалай жасалушы еді деп, енді олар да бас қатырмайды. Тосын жаңалыққа құжат, патент жинаған кім бар. Атмосферадағы бұрқыраған жусан иісіне де бой үйренген. Әбдімәліктің денесі ток соққандай дір ете түсер еді ондайда. Төңірегіне тәкәппарлана назар жығады. Қарсы кезіккендермен енді ыртың-жыртың жата кеп амандаспайды. Шен-шекпені үлкен, жылтырақ пагондылармен де арақатынасты алшақ ұстайды. Не алыстамайды, не жақындамайды. Атамекеннің иесі кім екендігін ең болмаса өстіп сездірейін дейді. Мың жерден қоразданғанмен дүниенің тұтқасын ұстап тұрған ол көксоққандар Әбдімәліктің ол ойын түсіне қоя ма? Міне, мәселе қайда?! Осы тұсқа келгенде амалсыз сәл иіледі. Құданың құдіреті, сенің азаматтық асыл тұлғаңды аракідік болса да бағалайтын, ең құрығанда баяғы кеңшар директорына қиын болып жүр-ау дейтін жанашырлықтың да жұқанасын көре алмайды екенсің бұл жақтан. Бірақ қала, қала ма, күллі төңіректің бүгінгі тіршілігі айлақпен ғана тығыз байланысты. Қалай дегенде де, айлақты төңіректендердің өзгелерге қарағанда жағдайлары жақсылау. Құрығанда азын-аулақ жалақыңды да уақытымен аласың.

«Сыйға – сый, сыраға – бал». Түйе фермасының меңгерушісіне айлақ басшылығы «Біздің жергілікті тұрғындар арасындағы өкіліміз боласыз» дегенді де қоғамдық негізде қоса тапсырған. Қайда қашады, Әбдімәлік келісті...

Рақат, рақат-ай! Әуіттің түпкі жағына алтын тығып қойғандай аузына ауа толтырып алып, шым батады. Су түбінен безірейетін де тұратын зеңгір аспанға қараудың өзі бір ғажап! Бұлаң-

бұлаң. Ақшарбы бұлттар қол созым жерден ақ мамық тәрізденіп аударылып-төңкеріледі. Әуіттің түбінде ауа толтырылған аппаратың болмаған соң ұзақ жата аласың ба. Әбдімәлік үшін сол аппараты құрығырды қолға түсірудің өзі мұң болды. Айлақтың дүкендерін түгел аралап шықты. Қырық мың қызыл болса да, сатып алмаққа бекінген. Жоқ, жоқты жерден қаза ма? Алматыда тұратын қызы Мейрамкүлге де «Құлдығым, адамның құнын сұрамайтын шығар, тауып берші?» деп құдайдың зарын қылды. Адам естімесін, есі кіресілі-шығасылы ғой Мейрамкүлдің. Айтқаның айтқандай бір құлағынан кіреді де, екінші құлағынан шығып кетеді. Текке шаршайсың. Оу, Әбдімәлік сол ауа толтырылған аппаратты керек болған соң сұратып жатқан жоқ па?! Әкеміздің бір шаруасын қақсата бермей тындырып берейік деп лып ете қалатын қыздың түрі анау. Сөзбұйдаға салып әлі жүр. Міне, осындайда керек қой сол аппараты. Тұмсығыңа тағып ал да жата бер, әдемі әуіттің түбінде. Елеңдейтіндей, жоғалтатындай сыртта қайбір қызық қалды дейсің?! Демі бітіп бара жатқан соң амалы қайсы, әуіттің жылтырақ еденіне табанын тіреп оқыс атып шығады. Ах, уһ! Айдаһар шомылып жатқандай әуіттің ернеуіне үздік-создық су шашырайды. Түбің түскірлердің не іздейтіндерін қайдам, кейде ақ, қызыл, жасыл қанатты нәп-нәзік көбелектер де осы маңайды айналсоқтап жүреді. Оқыс тиген тамшыдан да жалп ете түседі соры қайнағандар! Әбдімәліктің кәдімгідей жаны ашиды. Саусағымен іліп алайын десе де ебедейсіздігіне ештеп қысылады. Өлтіріп алып қиянатқа батып жүре ме? Сосын иегін таянып көбелектің қимыл-әрекетіне таңданыспен тесіле қарап біраз тұрады. Жалғыз тамшыны ауырсынса да, құртақандай тіршілік иесінің жанұшыра қанат қағып, өмір үшін жанталасуын қарашы-ей! Төбе тесетін аласат ыстық көбелек қанатындағы жетім тамшыны да әп-сәтте жұтып тынады. Көбелек жансебілденіп көлеңкеге қарай жылжиды.

Қоңыр рацияның безілдеген дауысын судан басын қылтита бергенде-ақ естіген. Әуіттің ернеуіне асылып, еріншектене қолын созды.

- Әбдімәлік, Әбдімәлік деймін... Құрыдық! Құртты!..
- Оу, бұл кім құдайдың тапа-тал түсінде жау шаптылаған?! Иә, не болып қалды? Аман ба?
- Қайдан аман болсын, құрыдық деймін, құрыдық!

– Кім құртқан?! Әй, шырағым, түкірігіңе шашалмай дұрыстап сөйлесеңші адам құсап!

– Адам құсап дейсің, асықпай сөйлесуге мүмкіндігім болып тұрғандай! Міне, жиырма метрдей ғана жер қалды. Бес-алты әйел әй-шай жоқ темір жол бойына шығып алып, қандарына қарайып поездың алдын бөгеп тұр. Не істеймін, менің де басым екеу емес, стоп-кранды басуға рұқсат етсең...

– Тоқ-та, тоқта деймін, саған стоп-кранды басуға рұқсат ететіндей мен кім едім соншалық?!

– Бейшара бола қаласыңдар-ау заматта. Космодромның ел арасындағы өкілімін дегенде жерге сыймаушы едің ғой!..

– Өкіл, қайдағы өкіл, сендердің естеріңе Әбдімәлік осындай кезде түседі-ау. Өзің біл. Менің де басым екеу емес, стоп-кранды басасың ба, әлде әйелдерді таптап кетесің бе... өзің біл!

– Түсінікті, шамаң белгілі болды! – Мәшинистің дауысы одан әрі өктем естілді, – Әбдімәлік, сен бірақ мынаны есіңе сақта, бұл әңгіме түбі жерде қалмайды. Біздің сөзіміздің бәрі диктофонға жазулы. Ертең бірге жауап береміз космодром басшыларының алдында...

– ... кесіп аларсың мықты болсаң!

Судың терең қабатына шым батты.

– 3 –

Осылай, иә, дәл осылай боларын баяғыда-ақ білген. Оған бола бас қатырудың да қажеті жоқ-ты.  $2 + 2 = 4$ . Бітті. Әйтсе де тірі адамға тіс жармады. Жергілікті байланыс жүйесіне қосылған селекторлық аппарат таң алакеугімде ал кеп безілмесін. Безілдеп қана қойса жақсы ғой, арғы жақтан естілген гүрілдеген дауыс бейне бір жар басынан бос бөшкені әдейі домалатып жібергендей: «Тыңдаңдар, тыңдап тұрмысыңдар?!» деп үстемелейді. «Тыңдап тұрмыз, сіздерді тыңдамағанда кімді тыңдаушы едік. Сіздерден басқа біздің қандай құдайымыз болушы еді!» деп сақал-мұртын бастырып жатқан тұста асүйден басын шығарған Әбдімәлік те ішінен ащы мысқылмен бір мырс етті. Тіпті Патшагүл ұйқысынан оянып кетеді-ау деместен, қамыс қабырғаға сүлесоқ іле салған қолайнаға бір бүйірлеп қараған күйі а-ха-халап күлкісі де келді. Күлкілі ғой, әлгі айлақтағы шілтеңдеген бастықсымақтардың шөлкем-шалыс тіршіліктерінің бәрі күлкілі.

Былайғы уақытта бұттарына жіберіп қойған ойын баласындай тымырайып үн-түнсіз жүреді, жүреді-дағы міне, осындай дүрбелең шақта қалың ұйқыларынан шошып оянып, жан-жақтарына алақ-жұлақ қарағыштап, өткен-кеткенді жан ұшыра іздестіре бастайды. Турасына көшкенде төубелеріне келеді. А-ха-ха! Ара-тұра болса да бұларға өстіп темір жолды бөгеп, ереуілдеп тұру керек екен ғой. Маладес, маладес-ей, ауыл әйелдеріне рақмет! Міне, бір-ақ күнде айды аспанға шығарған жоқ па?! «Бұқпантайлап, бейшараның күйін кешіп жүре бергенше өлсек те өстіп, алысып-жұлысып бір өлейік» дегендері шығар. Апыр-ай, алда-жалда... ереуілдеп, темір жолды бөгеу деген жаман ой олардың бастарына қайдан сап ете қалған десеңші! Қарашы-ей, түп-тура алты мұхиттың арғы жағындағы дамыған елдердің демократиялық үрдісін пайдаланады. Пайдаланғанда да кәдімгідей! О-хо, біздің дария жағалауына да келді ғой дүрілдеген демократия!

«Тыңдаңдар, Әбдімәлік Саржанович, Қаражан Есболаевич, бұл сіздерге берілген төтенше тапсырма! Бүгін ертеңгі сағат тоғыздан қалмай он жетінші алаңнан табылыңыздар!»

– Құп болады, он жетінші алаңнан деймісіз? Мақұл, он жетінші алаң болса он жетінші алаң болсын! – Әбдімәлік бейне бір театрға баратындай үстіне әдемілеп әтір септі. Иыққа сұқпаған су жаңа костюмін қолына алып тұрды да, сәл іркілді. Жоқ, бұл жолғы сәнденудің орайы келмес. Темір қақпадан ары өтісімен айлақтағылар Әбдімәлікті көргенде бүгін сірә, кірпідей жиырылар. Ауыз ұшымен беретін сәлемдерінің өзін артық шығынға есептер. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, орайы келсе Әбдімәлікке жақындамауға тырысады. Жанынан ызданып өте шығады барлығы. Оу, бір тәуліктің ішінде дүниенің астаң-кестеңі шыққан жоқ па?! Мұнан гөрі бұрқ етіп бомба жарылғаны жақсы еді; зымыран тасығыштың бір тетігі істен шығып, қызыл құмның бұйрат-бұйрат төбелерінің арасына құлап түскені оңды еді. Қазір... енді бірер сағаттан соң Төретам темір жол бекетінің бастығы Қаражан екеуі қол ұстасып, құрып кеткір сол он жетінші алаңнан табылар ғой. Он жетінші алаңның несін сұрайсыз, он жетінші алаңның аты – он жетінші алаң. Еске түсірудің өзі ерсілеу. Он жетінші алаңның аты естілісімен-ақ Әбдімәліктің жүрегі зырқ ете түседі. Естімек түгілі оны көз алдына елестеткісі жоқ. Мұнан табандаған төрт ай шамасында он жетінші алаңда адам шошырлық



төтенше оқиға орын алған-ды... Биік дуалдың басынан жергілікті төрт жігіт құлап түсіп, табанда мерт болды. Мүмкін айлақтағылар бүгінгі қаралатын мәселенің өзі он жетінші алаңдағы сол оқиғамен байланысты ғой деп, бұларды да сол жерге бекер шақырмаған болар. Сол... сол-ай, Әбдімәлікті көргенде айлақтағылар кірпідей жиырылмаса қарап тұрыңыз. Тіпті ым-жымымыз бір, өзгелерге қарағанда бір-бірімізді түсіне білеміз ғой дейтін ұзынтұра, селдір шаш полковниктің өзі баяғыдай: «Әбеке, аманбысыз?!» деп қос қолын ала жүгірместен, арығырақтан барып, бас изесіп қана амандасар. Тілдеспейді. Айлақтадағы құрғатылған шұбаттың сапасын тексеретін зертхана меңгерушісі де бұл жолы Әбдімәлікті көрсе де көрмегенсиді. Жуан денесін жылдам игеріп, теріс бұрылады. «Пах, пах, Әбеке деймін... Әбдімәлік Саржаныш, естіп тұрсыз ба, сіздің осы бір өнертапқыштық ерлігіңізді ескеріп, туған жеріңізден ескерткіш орнату керек қой» дейтін-ді ол ілгеріректе өтірік тамсанып. «Кім орнатады?» – Әбдімәлік те әдейі сұрайды. «Жерлестеріңіз... Сіз онсыз да Төретам жұртына бір адамдай қызмет істеген жансыз». «Істеуін істедік қой. Бірақ...» «Неге бірақ... Ендеше өз мойныма алайын бұл шаруаны. Асылы, бір-бірімізге қарыз боп қалмаспыз. Бәрінің бір амалы болар. Ойпырай, құрғатылған шұбаттың не құдіреті бар-ей, а?! Ғарышта... атмосфераның арғы жағында тура қолмен қойғандай жусан иіс бұрқырайды деседі...»

Дейді ғой... бірақ бүгін дей алмайды. Аузын буған өгіздей тымырайып, Әбдімәліктен алыс жүруге тырысады. Бір есептен сонысы дұрыс. Бүгін олар Әбдімәліктердің де екі аяғын бір етікке тығады. Жусан иісін де ұрып қойыпты. Қайдағы жусан иісі мынадай қаны көтерілген қым-қуыт шаруаның үстінде?! Масқара, масқара-ай! Төретам Төретам болғалы мұндай сұмдықты кім көріп, кім естіпті? Мәс-са-ған, ер-азаматтар үндерін шығармай үйлерінде бұғып отырады да, олардың орнына әйелдері ереуілге шығады екі білектерін сыбанып. Ереуілдегенде де сұрамаңыз! Біреулер әдейі үйретіп қойғандай, тура темір жолды басып алады! Айлаққа деген өкпе-реніштері болса темір қақпаның сыртында пошта жәшігі тұрған жоқ па. Соған салмай ма қағазға қаттаған арыздарын. Болмаса, іштен біреулерді шақыртсын. Жергілікті тұрғындардың өтініштері заматында қаралсын деген де арнаулы қаулы бар. Үлкен бастық та олармен пікірлесуден қашпас еді. Ал